«№136 жалпы орта білім беретін мектебі» шарушылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны

# АШЫҚ САБАҚ

Пәні: Қазақ тілі

Тақырыбы: «Күш атасы» 5 «Ғ» сыныбы



Шымкент 2025ж

<table>
<tr><td>Бөлім: Адамның сырт келбеті мен мінезі</td><td colspan="4">Мектеп: №136 Жоббм</td></tr>
<tr><td>Мұғалімнің аты-жөні:</td><td colspan="4">Исакова Гаухар</td></tr>
<tr><td>Күні: 14.03.2025</td><td></td><td colspan="3"></td></tr>
<tr><td>Сынып: 5 «Ғ»</td><td>Қатысқандар</td><td colspan="3">Қатыспағандар</td></tr>
<tr><td>Сабақтың тақырыбы:</td><td colspan="4">Күш атасы</td></tr>
<tr><td>Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары</td><td colspan="4">5.3.1.1 берілген мәтінге сәйкес кіріспе, негізгі және қорытынды бөлімдерді қамтитын қарапайым жоспар құру.<br>5.4.1.1 сан есімнің мағыналық түрлерін ажырату.</td></tr>
<tr><td>Сабақ мақсаттары:</td><td colspan="4">Барлық оқушылар: берілген мәтінге сәйкес қарапайым жоспар құрады, сан есімнің мағыналық түрлерін біледі;<br>Көпшілік оқушылар: берілген мәтінге сәйкес кіріспе, негізгі және қорытынды бөлімдерін қамтитын қарапайым жоспар құрады, сан есімнің мағыналық түрлерін ажыратады;<br>Кейбір оқушылар: берілген мәтінге сәйкес кіріспе, негізгі және қорытынды бөлімдерін қамтитын қарапайым жоспар құрады, сан есімнің мағыналық түрлерін ажыратып, мысал келтіре алады;</td></tr>
<tr><td colspan="5">Сабақтың барысы:</td></tr>
<tr><td>Сабақтың кезеңі/ уақыт</td><td>Педагогтің әрекеті</td><td>Оқушының әрекеті</td><td>Бағалау</td><td>Ресурстар</td></tr>
<tr><td>Сабақтың басы<br>5 минут</td><td>І.Ұйымдастыру кезеңі.<br>Оқушылармен сәлемдесу, түгендеу.<br>Білім алушының зейінін сабаққа шоғырландыру.<br><br>Оқушыларды топқа бөлу.<br>«Киіз үй» әдісі арқылы үш топқа бөлу</td><td>Оқушылар мұғаліммен сәлемдеседі.<br>Балалар жағымды ахуал қалыптастырады</td><td>Ауызша мадақтау</td><td>5-сынып «Қазақ тілі» оқулығы</td></tr>
</table>

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Жаңа сабаққа кіріспе**<br> | 1. «Көшбасшылар»<br>2. «Алғырлар»<br>3. «Білімділер»<br>**ІІІ Үй тапсырмасын сұрау.**<br>**«Серпілген сауал»** әдісі бойынша өткен сабақты пысықтау.<br>1.Сан есім дегеніміз не? Ол қандай сұрақтарға жауап береді?<br>2.Сан есімдер мағынасына қарай нешеге бөлінеді?<br>3. қай шамалы? неше? Қанша? Қаншадан? тұспалдап шамамен айтатын қай сан есімнің сұрақтары?<br>4. Нешінші? Сұрағына жауап беретін сан есім?<br>5. Болжалдық сан есім дегеніміз не?<br>6. Сан есімге байланысты мақал –мәтел?<br><br>Экраннан Қажымұқанның суретін көрсетіп, сұрақ қою.<br><br>**«Бірлік және Ынтымақ»** құндылығы.<br>Оқушыларды берілген сұрақтарға бір кісідей, ынтымақпен жауап беруге баулу.<br>Жаңа сабақ<br>Оқушыларға «Кинометафора» әдісі арқылы видеоролик көрсетеді.<br>Көрген видеороликтен не түйіндер?<br>Қажымұқан қанша ел аралаған екен? | Оқушылар киіз үйдің есігінен белгіленген сандармен топқа бөлінеді<br><br>«Доп лақтыру» бойынша Оқушылар үй жұмысының сұрағына жауап береді.<br><br>Оқушылар берілген мәліметтермен танысып тақырыпты анықтайды<br><br>Оқушылар бейнероликтен көрген мәліметтері бойынша | Жарайсыңдар!<br><br>ҚБ<br><br>Медальон арқылы бағалау<br>Дескриптор:<br><br>- балалар сұрақтарға жауап береді<br><br>Жалпы – 1балл | Суреттер<br><br> |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | Қажымұқан қанша медаль алған?<br><br>Қажымұқан Мұңайтпас туралы толықтырып мәлімет береді.<br>Қажымұқан 54 жылға жуық спорттық мансабында 40-тан астам медал жеңіп алды.<br>Ұлы Отан соғысы кезінде ол өз өнерін көрсетіп, күрес қойылымдарын ұйымдастырып, сол күрестен жиналған қаржыны майданға жіберген. Онымен қоса Қажымұқан Кеңес үкіметіне ұшақ жасау үшін 100 000 сом жинап берді.<br>Қажымұқан қазақ халқының намысын қорғап, ұлттың рухын көтерген.<br>Кедей-кепшіктерге көмектесіп қайырымдылық жасаған. | сұрақтарға жауап береді | Дескриптор:<br><br>- алған мәліметтерін айта алады<br><br>Жалпы – 1балл | |
| Сабақтың ортасы<br>15 мин |  **Эстафета әдісі** арқылы «Қажымұқан» мәтінін оқыңдар.<br>.<br>**Қажымұқан**<br>Сағаттың тіліндей айналған күн өте берді. Мұқанның қарағайды қамыстай қаусатып, қолымен құлатқаны, талай ауыр жүкті жалғыз тиегені аңыз болып жүрді. Челябинск, Қазан, Уфа, Самараға бірнеше рет барып қайтты. Бойы өсіп, буыны қатая түсіп, он сегіздегі жігіт болды.<br>Қамыстай қаусатып – жұлып<br>Челябинск, Қазан, Уфа, Самара – Ресей қалалары<br>Қыс ортасы ауып, ақпанның ішінде үсті-үстіне төпеп қар жауып, Қызылжар айрықша суытты. Масликовтің үйіне отын да, шөп те шақ келмеді. Ауыр жұмыс қайда болса, Мұқанды сонда жұмсау әдетке айналды.<br>Айдың аяғына таман Ресейге кеткен көліктер келіп, қаладан жиырма шақырым жердегі шөпке Мұқанның қасына төрт шана қосып, бес көлік жіберді.<br><br>Масликовтің үй ішіне Мұқанның ауыр мінезді, тілалғыш тәртіптілігі қатты ұнаған еді. Оған қандай жұмыс тапсырылса да, орындап келетініне әбден сенді. Сондықтан:<br>– Митька (Масликовтер «Мұқан» деуді қиын көріп, «Митька» деп атап кетті), мүмкіндігің болғанша шөпті тез жеткізуге тырыс. Басқаларға қарамай, шөбіңді алдымен тиеп ал да, келе бер. Жолдан келген аттар тілін тістеп, аш тұр, – деді қожасы.<br>– Жарайды, – деді тілалғыш Мұқан... | Мәтінді тізбектеп оқып, сұрақтарға жауап береді<br><br>Мәтінді мұқият оқып, мәтін бойынша құрылымын сақтай отырып, жоспар құрады. | | (Қалмақан Әбдіқадыров) |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 20 мин | 1. **Мәтін кім туралы?**<br>2. **Мұқан деген кім?**<br>3. **Мұқанның бойынан қандай қасиеттерді байқадыңдар?**<br><br>**«Әділдік және жауапкершілік»** құндылығы арқылы білім алушыларды берілген тапсырманы бірлесе орындауға, ынтымақтастық сезімдерін оятуға баулу.<br><br>**Жазылым тапсырмасы.** ***<u>II. Мағынаны тану.</u>***<br>**Мәтін бойынша құрылымын сақтай отырып, жоспар құрыңыз.**<br><br>***Жоспар***<br>Кіріспе:<br>Негізгі бөлім:<br>Қорытынды.<br>«Сан есім теру» әдісі арқылы мәтіннен сан есімдерді теріп жазыңдар.<br><br>**Сергіту сәті: «Қара жорға»** асықпен ұлттық құндылықты дәріптей отырып, сергіту сәтінде әуенге байланысты би қимылдарын жасаңдар.<br>өткізу.<br><br> **Жазылымнан кейін.**<br>**«Wordwall» платформасы арқылы сан есімдердің мағыналық түрлерін ажырату.** | Мәтінге құрылған жоспарды әр топтан 1 оқушыдан жалғастырып үш топ оқиды<br><br>Оқушылар мәтіннен сан есімдерді теріп (дәптерге, тақтаға) жазып мағыналық түріне ажыратады.<br><br>Оқушылар асықпен сергіту сәтін жасайды.<br><br>Ледэкраннан шыққан сан есімдерді мағыналық түріне қарай ажыратады.<br><br>Сан есімнің мағыналық түрлеріне қарай (Қажымұқан | Дескриптор:<br>-сұраққа жауап береді<br>-жоспар құрады,<br>-жоспарды оқиды<br>жалпы – 3 балл<br><br>Дескриптор:<br>-сан есімдерді табады,<br>-дәптерге, тақтаға жазады<br>жалпы – 2 балл<br><br>Дескриптор:<br>-сан есімдерді мағынасына қарай ажыратады<br>Жалпы -1 балл<br><br>Дескриптор:<br>-сан есімді қатыстырып мысал келтіреді | <br><br><br><br> |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | Оқушылар сендер бүгін күндегіденде ерекше дайындықпен келгендеріңді көрсеттіңдер! Жарайсыңдар! Қажымұқан аталарың туралы мәтінді түсіндіңдер, жоспар құрдыңдар, сан есімдерді мағынасына қарай ажыраттыңдар.<br>Енді оқушылар Қажымұқан аталарың туралы сан есімнің мағыналық түрлеріне қарай мысал келтіре аласыңдар ма?<br><br>**Бекіту.**<br>«ЖИ» арқылы сабақты қорытындылайды | туралы) мысал келтіреді<br><br>Жасанды интеллект видеосын мұқият тыңдайды. | Жалпы -2 балл | |
| Сабақтың соңы<br>4 мин | **Кері байланыс:** «Смайлик» тәсілі арқылы кері байланыс жасау<br><br>**Үйге тапсырма:** Құрылған жоспарға сай, Күш атасы Қажымұқан туралы эссе жазу | | | |

| Саралау. Сіз қандай тәсілмен көбірек қолдау көрсетпексіз? Сіз қабілетті оқушылардың алдына қандай тапсырмалар қоясыз? | Бағалау. Сіз оқушылардың материалды игеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлап отырсыз? | Денсаулық және қауіпсіздік техникасын сақтау |
|---|---|---|
| «Диалог және қолдау көрсету», «Тапсырма», «Жіктеу».<br><br>Саралау тапсырмаларды іріктеуді, белгілі бір оқушыдан күтілетін нәтижені, оқушыға жеке қолдау көрсетуде, оқу | «Мадақтау сөз» әдісі. 1-10 баллдық жүйе бойынша бағаланады.<br><br>«Медальон» арқылы бағалау. | Денсаулық сақтау технологиялары.<br><br>Сабақта сергіту жаттығулары мен белсенді жұмыс түрлерін қолданамын.<br><br>Осы сабақта қолданылатын<br><br>Қауіпсіздік техникасы ережелерінің тармақтары орындалады. |

| | | |
|---|---|---|
| материалы мен ресурстарды оқушылардың жеке қабілеттерін ескере отырып әзірлеуді қамтиды. | | |

**Жалпы бағалау**

Сабақтың қандай екі аспектісі жақсы өтті? Оқыту туралы да, сабақ беру туралы да ойланыңыз.

1: Wordall платформасымен жасалған жұмыс тиімді әрі оқушыларға түсінікті болды.

2: «Серпілген сауал» арқылы сұралған үй тапсырмасы уақыт үнемдеуге тиімді оқушылардың белсенді жауап беруіне көмегін тигізді.

Сабақты жақсартуға не жәрдемдесер еді? Оқыту туралы да, сабақ беру туралы да ойланыңыз.

1: Алдағы уақытта «Kahoot» платформасын пайдалану арқылы сабақты өтемін.

2: Әр сабақта уақыттың жетпеушілігіне қарай жұмыстар жүйелі жасалмады, алдағы уақытта жоспарлауда болады.

Сабақ кезінде, сынып немесе жекелеген оқушылардың жетістіктері/қиыншылықтары туралы мен нені анықтадым? Келесі сабақтарда неге назар аудару керек?

1: Сабақ кезінде жекелеген оқушыларға тапсырма беруінде қиындықтар туды.

2: Жеке жұмыстың орнына жұптық жұмыс болғанда әлдеқайда тиімдірек болар еді.